

ISSN 1563-0366
Индекс 75882; 25882

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ҚазҰУ ХАБАРШЫСЫ

Заң сериясы

КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-ФАРАБИ

ВЕСТНИК КазНУ

Серия юридическая

AL-FARABI KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY

KazNU BULLETIN

Law series

№3 (75)

Алматы
«Қазақ университеті»
2015



ХАБАРШЫ

ЗАҢ СЕРИЯСЫ № 3 (75)



ХАБАРШЫ
ВЕСТНИК
BULLETIN

3(75) 2015

25.11.1999 ж. Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде тіркелген

Куәлік №956-Ж.

Журнал жылына 4 рет жарыққа шығады

ЖАУАПТЫ ХАТШЫ

Ережепқызы Р., жауапты хатшы
(Қазақстан)

Телефон: +7727-377-33-36;

8-727-377-33-37 (ішкі н. 12-57)

E-mail: rose@mail.ru

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Байдельдинов Д.Л., з.ғ.д., профессор
(бас редактор) (Қазақстан)

Кенжалиев З.Ж., з.ғ.д., профессор
(бас ред. орынбасары) (Қазақстан)

Сартаев С.С., з.ғ.д., академик (Қазақстан)

Тыныбеков С.Т., з.ғ.д., профессор (Қазақстан)

Ибраева А.С., з.ғ.д., профессор (Қазақстан)

Джансараева Р.Р., з.ғ.д., профессор (Қазақстан)

Усеинова Г.Р., з.ғ.д., профессор (Қазақстан)

Еркинбаева Л.К., з.ғ.д., профессор (Қазақстан)

Жатқанбаева А.Е., з.ғ.д. (Қазақстан)

Трунк А., профессор (Германия)

Монтекило С., профессор (БАӘ)

Бурхард Б., профессор (Германия)

Лисица В., профессор (Ресей)



ҚАЗАҚ
УНИВЕРСИТЕТІ
Б А С П А У Й І

Ғылыми басылымдар бөлімінің басшысы

Гүлмира Шаккозова

Телефон: +77017242911

E-mail: Gulmira.Shakkozova@kaznu.kz

Редакторлары:

Гүлмира Бекбердиева, Еркін Жайнақов

Компьютерде беттеген:

Айгүл Алдашева

Жазылу мен таратуды үйлестіруші

Мөлдір Өміртайқызы

Телефон: +7(727)377-34-11

E-mail: Moldir.Omirtaikyzy@kaznu.kz

ИБ №8886

Басуға 15.08.2015 жылы қол қойылды.

Пішімі 60x84 1/8. Көлемі 35 б.т. Офсетті қағаз. Сандық басылыс.

Тапсырыс №3514. Таралымы 500 дана. Бағасы келісімді.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің

«Қазақ университеті» баспа үйі.

050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.

«Қазақ университеті» баспа үйінің баспаханасында басылды.

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2015

Турсынкулова Д.А.
**Райымжан Марсековтың саяси-
құқықтық көзқарастары**

Мақалада Райымжан Марсековтің саяси-құқықтық көзқарастарының қалыптасу ерекшеліктері қарастырылады. Р. Марсеков «Алаш» партиясының мүшесі және өз халқының ұлтжанды азаматы ретінде кезінде болып жатқан саяси тайталастардан қалыс қала алмады. Р. Марсековтың негізгі саяси-құқықтық тұжырымдары «Сайлаухан оның ақырғы залалы», «Қазақ билерінің тексерулері», «Қазақ қайтсе жерге ие болады», «Бас қосудың керектігі», «Мемлекеттік құрылыс туралы», «Мемлекет аралық заңдар туралы», «Қазақ қайда бара жатыр», т.б. еңбектерінде көрініс тапқан.

Түйін сөздер: мемлекет, қоғам, би, сайлау, саясат, құқық, қозғалыс, жер, билік.

Tursynkulova D.A.
**Political and legal views
Rayimzhana Marsekova**

Article dedicate features of the formation of political and legal views Rayimzhana Marsekova. R. Marsekov as a member of the party «Alash» and a patriot of his people could not stand aside political debates of his time. The main political and legal postulates R. Marsekova reflected such articles as «The selection and its harmful consequences», «Kazakhs remain the master of its land», «On the need sezdit», «about the political system», «Kyrgyz People's Court», and so on. d..

Key words: state, society, Bies, elections, politics, law, traffic, land, power.

Турсынкулова Д.А.
**Политико-правовые взгляды
Раимжана Марсекова**

В статье рассматриваются особенности формирования политико-правовых взглядов Раимжана Марсекова. Р. Марсеков как член партии «Алаш» и патриот своего народа не мог остаться в стороне от политических дебатов своего времени. Основные политико-правовые постулаты Р. Марсекова отражены в таких статьях, как «Выбор и его вредные последствия», «Как казаху остаться хозяином своей земли», «О необходимости съезда», «О государственных устройствах», «Киргизский народный суд», и т.д.

Ключевые слова: государство, общество, бии, выборы, политика, право, движение, земля, власть.

РАЙЫМЖАН МАРСЕКОВТЫҢ САЯСИ-ҚҰҚЫҚТЫҚ КӨЗҚАРАСТАРЫ

XX ғасырдың басы қазақ үшін өте ауыр кезең болды. Себебі қазақтың мемлекеттілігі, елдігі таразы басына түскен қилы заман XX ғасырдың басында саяси-құқықтық өмірде шынайы сезілгенін баршамыз жақсы білеміз. Елдік таразыға түскен осы бір заманда ел үшін жанын шүберекке түйіп, саяси аренаға шыққан талай ұлтжанды тұлғалар болған еді. Солардың қатарына Қазақстанның саяси-құқықтық тарихында ерекше орын алған Алаш партиясының қайраткерлері жатады. Алаш қайраткерлерінің ішіндегі шоқтығы биік тұлғаның бірі – Райымжан Марсеков десек, артық айтқандық емес. Осы уақытқа дейін Р. Марсековтың қоғамдық-саяси қызметі қазақ тарихындағы орны мен рөлі әлі де болса өзінің толыққанды бағасын алмай, ақтандық беттердің бірін құрап отырғандығы өкінішті. Біздің мақсатымыз – Р. Марсековтың саяси-құқықтық ойларының кейбір қырларын ашып көрсету.

Осы уақытқа дейін Р. Марсековтың туған және өмірден қайтқан жылы да ғылымда талас тудырып, әлі бір шешімін таппай отыр. Қазақстандық белгілі заңгер ғалым Н. Дулатбеков былай дейді: «Мұрағат деректеріне қарағанда, ол 1879 жылдың 7 тамызында Семей облысы Өскемен уезінің Айырбастау болысында дүниеге келген. Өскемен қаласындағы уездік орыс-қазақ мектебінде алғашқы білім алып, 1897 ж. Омбы классикалық гимназиясын сәтті аяқтап, 1897-1902 жылдары Санкт-Петербург университетінің заң факультетінде жоғарғы білім алып, заңгер мамандығына ие болды» [1, 48 б.]. Ал кейінгі Райымжан Марсеков туралы жинақтардың бірінде оның өмірге келген уақыты туралы мынандай ой айтылады: «Райымжан Марсеков 1877 жылы бұрынғы Семей облысы Өскемен уезінің Айыртау болысында (қазіргі Шығыс Қазақстан облысы, Ұлан ауданында) дәулетті отбасында дүниеге келді. Арғы атасы Сасықбай Терістаңбалы Найманның ішіндегі Семей, Өскемен өңіріне танымал шешен, ұшқыр ойлы, даналығымен белгілі болған адамдардың бірі екен» [2, 8 б.]. Сонымен қатар Р. Марсековтың қай жылдары, қай жерде қайтыс болғаны да әлі белгісіз. Кейбіреулердің айтуы бойынша, Р. Марсеков Қытай жерінде 1930-жылдардың аяғында қайтыс болған деп есептеледі. Бұл мәселе тарихшылар тарапынан арнайы зерттеуді қажет ететін жағдай болғандықтан біз Р. Марсековтың кейбір саяси-құқықтық ойларына көңіл бөліп кетсек дейміз.

Райымжан Марсеков сол кезеңдегі қазақтың саяси-құқықтық жанаңқайы болған «Айқап», «Шолпан» журналында көптеген өзінің ойларын жариялаған болатын. Р. Марсековтың саяси-құқықтық ойлары «Сайлаухан оның ақырғы залалы», «Қазақ билерінің тексерулері», «Қазақ қайтсе жерге ие болады», «Бас қосудың керектігі», «Мемлекеттік құрылыс туралы», «Мемлекет аралық заңдар туралы», «Жер мәселесі», «Қазақ қайда бара жатыр», «Ата қонысынан айырылған қазақ жайлы», «Керектің керегі – ғылым», «Заң жобасын дайындайтын комиссия», «Көпшілдер кесірі – шет мемлекеттердегі қозғалыс», т.б. еңбектерінде көрініс тапты.

Қазақ даласы Ресей құрамына өткен кезеңнен бастап, сайлау өткізуде әртүрлі китұрқылықтар пайда бола бастады. Сайлауға қазаққа жаны ашитын білікті тұлғалар өтпей, патшалықтардың қамын жеген атқамінерлер өтіп отырған. Өзінің еңбегінде Р. Марсеков сайлаудың китұрқы саясаттың құралы екендігін былай деп сипаттайды: «Қазақтың тұрмыс халдері мен араларындағы тәртіп адабары маған мағұлым болғаннан көбін мен ойлап байқадым – қазақтарға һешбір нәрселерден залал онша көп болмайды дәл сайлаудан болғандай» [2, 59 б.].

Райымжан Марсеков қазақ билерінің де патшалық Ресей тұсында әділдік жолынан айырылып, өзінің тек қана бас пайдасын ойлайтын «пышағы май үстінде қылпындаған» чиновник билерге айналғандарына қайран қалады. «Қазақ билерінің тексерулері» деген мақаласында былай дейді: «Қашан, кіммен билердің үйлеріне келіп кірген соң билер отырғызды, қарасам он би, жазушысы бар екен, отырған үйде ең төр төбесінде төбе би екен, оған жалғас құрметті билер, шет жайларында кейінгі өз құрметті билері отырысқан екен, баршаларының мойындарында би знактары бар. Шақыруына тұрдылар дауласқандар мен куәлары қайудардан жауап ала бастады. Бірақ мен қайран қалдым, топ басы би іс-жөндерін көрсетпейінше жайына жатыр, қолына бір кітап ұстап, аударып тұрып би книгасы ма деп ойладым һәм жанындағы бір бимен сөйлесе түсіп бірнәрсе жөнінен, ғайри бір билері қымыз, қайбіреулері шәй ішісіп жатыр. Қайбіреулері қорылдап ұйықтап жатыр, топ басы бидің хақіміне жанында отырған бір би кірісті. Міне, осы билер билік қылса керек, әлбетте білмек мақыл-дүр, бұлар қалай не нәрсені себеп қылып бітім қылады, әлден кейін бұлардың көбісі тексеруге бітімге кіріспейді» [2, 75 б.].

Р. Марсековтың саяси-құқықтық ұстанымдар жүйесінде қазақ даласындағы жер дауы ерекше

орын алды. Осы кезеңдегі қазақ даласына орыс мұжықтарының қоныс аударылуы және қазақтардың еркінен тыс жерлерінің тартып алынуы, қазақтарды шөлейт жерлерге, таулы аймақтарға күштеп ығыстыруы тек қана Р. Марсековты қана емес, бүкіл Алаш қайраткерлерін толғандырған болатын. «Қазақ қайтсе жерге ие болады» деген мақаласында қазақтар жерді алып қалу үшін мынандай шараларды жүзеге асыру жөн деп санады: «1. Бізге 30-40 үйге қала салуға рұқсат берілетұғын болсын. Біз мал өсіріп өскен халық бір күннің ішінде сол ата-бабамыздан күйлі жатқан шаруамызды тастауға мүмкіндік жоқ. 30-40 үйден қала салатын болса, бір жағынан мал шаруа, бір жағынан диқаншылық еткенді тастамай кәсіп қылуымызға болады.

2. Бізге жер кесіліп, белгіленіп бергенде егіндікке, шабындыққа лайық жер де берілсін. Оның үстіне мал бағуға лайық жерден тағы берілсін. Мужикке лайықтаған өлшеу бізге лайық емес.

3. Қазақ халқы, мүмкін, қазір бірыңғай болсын. Мұны айтатынымыз: мужиктан (хохол) қазақ жұртының момындығынан көрген қорлықтары көп, ол зорлықтарды маңайына хохолдар келіп орныққан ел айтпай-ақ біледі.

4. Қала болған уақытта қазақты орыс волостарына қоспай, өз алдына қазаққа қандай низам шықса да бөлек болатұғын болсын, бір қала болса да» [2, 109 б.]. Шын мәнінде қазақ жерінің шұрайлы бөліктерінің барлығын орыстардың алып жатуы болашақта қазақ мемлекеттілігінің тұтастығына нұқсан келтіреді деп санады.

Р. Марсеков мемлекеттілік, мемлекеттік құрылым туралы да және заң жобасын әзірлеу мәселесі туралы да көптеген пікірлерін «Айқап» журналында жариялап отырды. Р. Марсеков сол кезеңде қазақ даласында жұмыс жасаған Ресей үкіметінің ережелерінің ел өміріне сәйкес келмейтіндігін, далалық низамдарды жетілдірудің жолдары туралы мынандай ұсыныстарын айтты: «Бұл күнгі низамнамалардың хәммәсі – Петерборда қазақ жайынан һеш нәрсе білмейтіндердің заң қылып шығарған заңы. Низам сонда түзік болады: қай уақытта халықтың жайын білгендер шығарса, лайықсыз низам жайсыз жабық сияқты жұртқа түзулік тауып бермек былай тұрсын, машаһатқа қалдыратын болады. Бұл сахара низамнамасы дегеніміздің өзі неше тарауға тарайды:

Сайлау реті қалайша өзгерілуге керек, қалай айтса жақсы, жұртқа жайлы адамдар сайланар еді?

Билер қайтсе ғәділ билік айтатын болады. Бұл уақытта билер бірінші – хукімет хақы алмайды. Қалайша күн көрмек керек, олай болған соң

пұлға қызықпайтын адам табыла ма? Сондықтан билерге белгілі жалование қоюға лайық болмас па екен. Екінші – билерге жасаған жол, жоба жоқ. Ол болмаған соң биге де көп нәрсе қараңғы, даугерлерге де белгісіз бір құйрықсыз «қазақ ғұрпы» дегеніміз бар. Би не айтса да «қазақ ғұрпы» деп айтады. Ол ғұрып қайда? Оның барлығын-жоқтығын бидің өзі қайдан біледі, неден біледі? Ешбір халықта билер жазылған заңмен болмаса билік айтпайды. Біздің қазақ халқында белгілі жол низам керек бола ма, керек болса оны кім жасау керек, қалайша жасау керек?

Ол билердің өзі қандай кісіден сайлану керек? Өзіне артылған істерді өзі басқара алатын, оқыған кісілерден бола ма? Бұл билерді кім бекітіп, кім үстінен қарап, кім түсіретін болсын?

Медресе ашу һәм науқасханалар ашу, егін, мал шаруасы сияқтыларды ұлғайтып, халыққа жол бастап көмек беру кімде болу керек? Яки земство керек пе?

Өз арамыздағы болған мекемелерде би болсын, земство болсын жазылған сөз яки берілген арыздар қай тілде болу керек? [2, 117-118 бб.]. Р. Марсековтың саяси-құқықтық ойында мемлекеттік басқару нысаны да тыс қалған жоқ. Мемлекеттік құрылыс туралы еңбегінде Р. Марсеков қазіргі тілмен айтатын болсақ, монархиялық басқаруды, республикалық басқаруды және бас-

қарудың демократиялық жолы туралы да пікірін былай деп қорытады: «Патшалықтардың кейбіреулерінде барлық әмір бір кісінің қолында болғаны бар, патша менен халыққа ортақ болғандары да бар; Енді бір тағфасында әмір барлығынша халықтың өз қолында болады» [2, 125 б.]. Р. Марсеков он тоғызыншы ғасырдың басында республиканың құқықтық табиғаты туралы терең ой толғай білді. Бұл дегеніміз Р. Марсековтың құқықтық білімінің жоғарылығын көрсетіп қана қоймайды, сонымен қатар оның білікті заңгер ғалым екендігін де танытады. Республика туралы былай дейді: «Бұрын (44-нөмірде) айттық едік: Мемлекеттердің арасында республика дейтіндері болады деп, оларда әрбір төрт яки, жеті жылда сайлау болады. Бұл сайлауда мемлекет басы «президентті» сайлайды, ол хан дәрежесінде болады. Бұл республикаларда бар жұмыс, бар билік мәжілісте (парламент) болады: министрлердің баршасы депутаттардың ішінен көп жағынан сайланып қойылады, «президент» пен бас министрдің ұйғарғандарынан. Министрлер сөздерін мәжілістің көп жағы жақтап тұрғанша ғана орында тұрады, қай сағатта сөзі алынбайтынға айналып, депутаттың көбі бұларға қарсы келсе, сол сағатта бұлар дәрежесінен тайып, орындарына басқалар қойылады» [2, 127-128 бб.].

Әдебиеттер

- 1 Дулатбеков Н. Алаш ардақтылары: Санкт-Петербург іздері. – Алматы: «Таймас» баспа үйі, 2013. – 240 б.
- 2 Марсеков Р. Қазақ қайда бара жатыр? – Алматы: Издательство «Центр Азии», 2014. – 368 б.

References

- 1 Dulatbekov N. Plyada Alash: traces of sanctions Peterburga. – Almaty Izd. Dom «Taymas», 2013. – p. 240.
- 2 Marsecov R. What awaits Kazakhs? – Almaty: Publishing «Center of Asia», 2014. – P. 368.